

Еуразиялық экономикалық одақтың Өнеркәсіптік саясат жөніндегі кеңесі туралы

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2019 жылғы 29 мамырдағы № 11 шешімі 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 12-бабы 2-тармағының 22-тармақшасына сәйкес Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес шешті:

1. Көмекші орган - Еуразиялық экономикалық одақтың Өнеркәсіптік саясат жөніндегі кеңесі құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың Өнеркәсіптік саясат жөніндегі кеңесі туралы ереже бекітілсін.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:

Армения Республикасынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қыргыз Республикасынан	Ресей Федерациясынан
Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2019 жылғы 29 мамырдағы № 11 шешімімен БЕКІТІЛГЕН				

Еуразиялық экономикалық одақтың Өнеркәсіптік саясат жөніндегі кеңесі туралы ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Еуразиялық экономикалық одақтың Өнеркәсіптік саясат жөніндегі кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) 12-бабы 2-тармағының 22-тармақшасына сәйкес Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, Одақ) Одақ шеңберінде өнеркәсіптік саясатты іске асыруы үшін көмекші орган ретінде құрылады.

2. Кеңес өз қызметінде Шартты, Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

II. Кеңестің негізгі міндеттері мен функциялары

3. Кеңестің негізгі міндеті құзыретіне өнеркәсіп сарасындағы мемлекеттік саясатты тұжырымдау жататын мүше мемлекеттердің атқарушы билігінің уәкілетті органдарының (бұдан әрі – мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары), соның ішінде мынадай:

Одақ шенберінде өнеркәсіптік саясатты және Одақ органдарының өнеркәсіптік саясат саласындағы актілерін іске асыруды қамтамасыз ету;

қосылған құнның жаңа тізбегі негізінде бәсекеге қабілетті өнім өндірісін құру;

үшінші елдер нарығында мүше мемлекеттердің бірлесіп өндірген жоғары технологиялық өнеркәсіптік өнімінің экспортын дамыту бойынша бірлескен шараларды қабылдау;

өнеркәсіп саласында тосқауылдарды жою;

өнеркәсіп кәсіпорындары үшін инвестициялар тарту және қаржы ресурстарының қолжетімділігін арттыру;

өнеркәсіптік саясат саласында интеграцияны дамытудың жаңа бағыттары мен перспективалары бойынша тәсілдемелер тұжырымдау мәселелері бойынша өзара іс-қимылын үйлестіру болып табылады.

4. Кеңес өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін мынадай функцияларды жүзеге асырады:

а) мынадай мәселелер бойынша ұсыныстар әзірлейді:

Одақ шенберінде өнеркәсіптік саясатты іске асыру кезінде мүше мемлекеттердің өзара іс-қимылын терендету;

мүше мемлекеттердің өндірістік қуатын тиімді пайдалану және өнеркәсіптің жаңа кәсіпорындарын технологиялық жабдықтау;

үшінші елдермен және халықаралық ұйымдармен Одақ шенберінде өнеркәсіптік саясатты іске асырумен байланысты мәселелер бойынша өзара іс-қимыл кезіндегі позицияны қалыптастыру;

мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік өнімдеріне қатысты Одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуіне ықпал ететін кедергілерді (тосқауылдарды, шектеулерді, алып қоюларды) жою;

өнеркәсіп саласындағы жаһандық экономикалық дағдарыстардың салдарына қарсы тұру;

мүше мемлекеттер кәсіпорындарының Одақтың ортақ нарығында мүше мемлекеттер өнімінің үлесін арттыру бойынша ұлттық бағдарламаларға қатысуы;

б) уәкілетті органдардың құзыреті шенберінде ғылым және техника саласындағы өнеркәсіптік ынтымақтастық мәселелерін қарайды;

в) бірлескен өнеркәсіптік кәсіпорындар мен кооперациялық бірлестіктер құру бойынша қызметті үйлестіреді;

г) өнеркәсіп саласында оларды іске асыру даму институттарының қаражатын тарта отырып жүзеге асыру бағамдалатын интеграциялық жобаларды қарауды жүзеге асырады;

д) Одақты және Жібек жолы Экономикалық белдеуін құру процестерін ұштастыру жобасы шенберінде өнеркәсіп саласында бірлескен кооперациялық жобаларды іске асыру бойынша жұмысты үйлестіреді;

е) мыналар:

өнеркәсіп саясатын іске асыру кезінде туындастын даулы мәселелер бойынша;

мүше мемлекеттерде өнеркәсіптік кешенді дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Одақта өнеркәсіптік өнімнің заңсыз айналымына қарсы тұру мәселелері бойынша келісілген позиция тұжырымдайды;

ж) мыналарға:

өнеркәсіп саласында реформалар мен құрылымдық өзгерістер жүргізу тәжірибесін алмасуға;

өнеркәсіп саласындағы ақпараттық өзара іс-қимылға, соның ішінде өнеркәсіп салаларының ағымдағы жағдайы және оларды дамыту болжамдары, жоспарланатын нормативтік-құқықтық реттеу шаралары, негізгі кәсіпорындар және олардың негізгі сипаттамалары туралы ақпарат алмасуға жәрдемдеседі;

3) Одақ шеңберінде өнеркәсіптік ынтымақтастықты дамытуды қамтамасыз ету мақсатында өзге де функцияларды жүзеге асырады.

III. Кеңестің құрамы

5. Кеңестің құрамына:

мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының басшылары;

Еуразиялық экономикалық комиссияның Өнеркәсіп және агроЛөнеркәсіптік кешен жөніндегі Алқа мүшесі (министр) кіреді.

6. Кеңес төрағасы Кеңестің отырыстарына төрағалық етеді және Кеңестің жұмысына жалпы басшылық етуді жүзеге асырады.

Кеңес төрағасы Шарттың 8-бабының 4-тармағына сәйкес Одақ органдарына төрағалық ететін мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұсынған Кеңес мүшесі болып табылады.

7. Кеңес төрағасы:

а) Кеңестің жұмысына басшылық етеді;

б) Кеңестің күн тәртібін бекітеді, оның өткізілетін күнін, уақыты мен орнын белгілейді;

в) Кеңестің отырыстарын жүргізеді.

8. Кеңес мүшелерінің келісуі бойынша Кеңестің отырыстарына Кеңес отырысында қаралатын мәселелер құзыретіне жататын Комиссияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері, мемлекеттік органдардың, ғылыми және білім беру мекемелерінің, қоғамдық ұйымдардың, мүше мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың бизнес-қоғамдастықтарының өкілдері, сондай-ақ тәуелсіз сарапшылар (бұдан әрі – Кеңес отырысына қатысушылар) қатысуы мүмкін.

9. Кеңес қызметінің бағыттары бойынша мәселелер құзыретіне жататын Комиссия департаментінің директоры Кеңестің жаупты хатшысы болып табылады.

10. Кеңестің жаупты хатшысы:

а) Кеңес мүшелерінің ұсыныстары негізінде Кеңес отырысы күн тәртібінің жобасын дайындайды;

б) күн тәртібінің жобасын Кеңес мүшелерімен келіседі және оны Кеңес төрағасының бекітуіне ұсынады;

в) Кеңес мүшелеріне және Кеңес отырысына қатысуышыларға Кеңес отырысының бекітілген күн тәртібін және оның материалдарын жібереді;

г) Кеңес мүшелеріне және Кеңес отырысына қатысуышыларға Кеңестің кезекті отырысы өтетін күн, уақыты және орны туралы хабарлайды;

д) Кеңес отырысының хаттамасын жүргізеді және оны Кеңес мүшелеріне қол қоюға ұсынады;

е) Кеңес мүшелеріне Кеңес отырыстарының хаттамаларын жібереді;

ж) Кеңес отырысының хаттамасында көзделген іс-шараларды іске асыру бойынша жұмыстардың орындалуы мониторингін жүзеге асырады және Кеңес мүшелеріне оның нәтижелері туралы хабарлайды.

IV. Кеңестің жұмыс тәртібі

11. Кеңестің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ жылына сирек дегенде 1 рет өткізіледі. Кеңес отырыстарында аудиожазба жүргізіледі.

12. Кеңес отырысын өткізу туралы шешімді Кеңес мүшелерінің келісіу бойынша Кеңес төрағасы қабылдайды.

13. Кеңес отырысы күн тәртібінің жобасын қалыптастыру бойынша ұсыныстарды Кеңес мүшелері Еуразиялық экономикалық комиссияның мекенжайына жібереді.

14. Кеңес отырысының күн тәртібіне материалдар мыналарды қамтиды:

а) қаралатын мәселелер бойынша анықтамалар;

б) қаралатын құжаттарға ұсынылатын жобалар (бар болған кезде);

в) қаралатын мәселелер бойынша хаттамалық жазбалардың жобалары;

г) анықтамалық және талдамалық материалдар (қажет болған кезде).

15. Кеңестің жауапты хатшысы Кеңес мүшелері мен Кеңес отырысына қатысуышыларға Кеңес отырысының бекітілген күн тәртібін және оның материалдарын, соның ішінде электронды түрде Кеңес отырысы өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 35 күннен кешіктірмей, ал ерекше жағдайларда – Кеңес отырысы өткізілетін күнге дейін 14 жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

16. Кеңестің отырыстары, әдетте, Комиссияның үй-жайларында өткізіледі.

Кеңес отырысы мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ұсыныстары негізінде кез келген мүше мемлекетте өткізулуі мүмкін. Мұндай жағдайда қабылдаушы мүше мемлекет Кеңес отырысын ұйымдастыруға және өткізуге жәрдем көрсетеді.

Кеңес мүшелерінің ұсыныстары негізінде Кеңес отырысы видеоконференция режимінде өткізулуі мүмкін.

17. Кеңес мүшелері Кеңес отырыстарына ауысу құқығынсыз жеке өздері қатысады.

18. Кеңес отырысы оған барлық Кеңес мүшелері қатысқан жағдайда құқылы болып табылады.

19. Кеңес мүшелері Кеңес отырысының бекітілген күн тәртібіне енгізілмеген қосымша мәселелерді Кеңес отырысында қарау үшін ұсына алады.

Кеңес отырысының күн тәртібіне қосу үшін қосымша мәселелер ұсынған Кеңес мүшелері Кеңестің жауапты хатшысына ұсынылған мәселелер бойынша қажетті материалдар мен ақпаратты Кеңес отырысына дейін 14 жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуды қамтамасыз етеді.

20. Кеңес мүшелері Кеңес отырысында мәселелерді талқылау кезінде тең құқықтарды иеленеді.

21. Кеңес шешімдері консенсуспен қабылданады және ұсынымдық сипатта болады.

22. Кеңес отырысының нәтижелері Кеңес мүшелерінің позициялары тіркелетін хаттамамен ресімделеді. Кеңес мүшелерінің Кеңес отырыстарында ұсынған ұсыныстары мүше мемлекеттердің соңғы позициясы ретінде қаралмайды.

23. Кеңес отырысының хаттамасына Кеңес мүшелері, әдетте, Кеңес отырысы өткен күні, ал ерекше жағдайларда – Кеңес отырысы өткен күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей қол қояды.

24. Кеңестің жауапты хатшысы Кеңес отырысының хаттамасын барлық Кеңес мүшелеріне оған қол қойылған күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді.

Кеңес тәрағасының шешімі бойынша Кеңес отырысы хаттамасының көшірмелері немесе оның үзінділері Кеңес отырысына қатысуышыларға жіберіледі.

Кеңес отырыстарының хаттамалары Кеңестің жауапты хатшысында сақталады.

25. Кеңес отырысының қорытындысы бойынша қабылданған шешімдер белгіленген тәртіпте Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының қарауына енгізілуі мүмкін.

26. Кеңес мүшелері мен мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары өкілдерінің Кеңес жұмысына қатысуымен байланысты шығыстарды жіберуші мүше мемлекеттер өтейді.

Ғылыми және білім беру мекемелері, қоғамдық ұйымдар, мүше мемлекеттердің бизнес-қоғамдастықтары, халықаралық ұйымдар өкілдерінің және тәуелсіз сарапшылардың Кеңес жұмысына қатысуымен байланысты шығыстарды көрсетілген тұлғалар өз бетінше өтейді.

Комиссия Алқасы мүшелерінің, Комиссияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің Кеңес жұмысына қатысуымен байланысты шығыстарды Комиссия өтейді.

27. Кеңес қызметін ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді Комиссия жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК